

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру мәселелері жөніндегі
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің
шешімімен
МАҚҰЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛҒАН**

2025 жылғы 29 желтоқсан № 4 хаттама

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
жүйесінің педагог қызметкерлері үшін
авторлық бағдарламаны әзірлеу бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Әдістемелік ұсынымдар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің авторлық бағдарламаны (бұдан әрі – авторлық бағдарлама) әзірлеу құрылымы мен тәртібін сипаттайды.

Авторлық бағдарламаны әзірлеу кезінде келесі **нормативтік құқықтық актілерге (НҚА)** сүйену қажет:

- 1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 - III Заңы;
- 2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы;
- 3) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- 4) «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығы;
- 5) «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығы;
- 6) Ұлттық біліктілік шеңбері;
- 7) Кәсіптік стандарттар (бар болған кезде);
- 8) WorldSkills кәсіптік стандарттары (бар болған кезде);

9) Педагогтердің авторлық бағдарламасын әзірлеу, апробациялау және іске асыруын мониторингілеу бойынша әдістемелік ұсынымдар.

– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025ж.;

10) Техникалық және кәсіби орта білімнен кейінгі білім мәселелер жөніндегі республикалық оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің облыстық оқу-әдістемелік кеңесі жанындағы Сараптама Кеңесінің қызметі туралы ереже (2025 жылдың 15 сәуіріндегі № 1 хаттама);

11) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтерінің авторлық бағдарламасын әзірлеу бойынша осы Әдістемелік ұсынымдар.

1.1 Авторлық бағдарламаның мәні мен анықтамасы

1.2 Авторлық бағдарлама - бұл педагог немесе педагогтер тобының түпнұсқа ой-тұжырым мен педагогикалық тәжірибе негізінде, мемлекеттік стандарттар мен кәсіби талаптарды ескере отырып әзірлеген, авторлардың зияткерлік меншігі болып саналатын бірегей оқу-әдістемелік (ғылыми-әдістемелік) құжат (немесе кешен). Ол келесі сипаттарымен ерекшеленеді:

- **өзектілік:** еңбек нарығының қазіргі талаптарын, технологиялық дамуды көрсетеді және мемлекеттік стандарттар мен кәсіби талаптарға сәйкес келеді;

- **негізділігі (концептуалдылығы):** бағдарламаның негізінде айқын авторлық идея (тұжырым) жатыр және ол әдіснамалық база болып табылады. Бұл идея неліктен дәл осы тәсіл, мазмұн немесе технология таңдалғанын және оның білім беру қызметінің тиімділігін қалай арттыратынын түсіндіреді;

- **инновациялылығы мен жаңашылдығы (мазмұндық өзегі):** болжанатын мақсаттарға жету үдерісінің авторлық идеясын, тұжырымын және моделін қамтиды және типтік тәсілдерден тыс шығады. Бағдарламада типтік бағдарламаларда кездеспейтін мазмұнның, мақсаттардың, технологиялардың, әдістердің немесе оқытуды ұйымдастыру формаларының кемінде 30–50% жаңа болуы қажет;

- **мақсаттылық:** негізгі мақсат - білім берудегі нақты бір мәселені шешу және білім алушылардың, сондай-ақ әлеуетті жұмыс берушілердің нақты қажеттіліктеріне бағдарлану;

- **авторлық үлес:** нақты бір адам немесе шығармашылық ұжым тарапынан толық әзірленген, сондықтан ол авторлардың зияткерлік меншігі ретінде қорғалады;

- **өзіндік ерекшелігі (бірегейлігі):** тікелей баламалары жоқ авторлық идеяға, тұжырымға және мақсатқа жету үдерісінің моделіне негізделген, педагогтің жеке тәжірибесін, кәсіби шеберлігін, әдістемелік ізденістерін, кәсіби көзқарастары мен мүдделерін бейнелейді;

- **тұтастығы мен құрылымдылығы:** жай ғана тақырыптар жиынтығы емес, мазмұн мен оқыту үдерісін құрылымдауға арналған авторлық көзқарасқа негізделген толыққанды жүйе болып табылады.

1.2 Авторлық бағдарламаны әзірлеу мақсаты

Бағдарламаны әзірлеудің негізгі мақсаты: нақты бір білім беру мәселесін шешу және еңбек нарығының, технологиялық, ғылыми және әлеуметтік дамудың заманауи талаптарына сәйкес келетін, білім беру үдерісінің сапасын арттыруға мүмкіндік беретін бірегей, өзекті әдістемелік өнім жасау.

Бағдарлама жоғарыда көрсетілген барлық нормативтік құқықтық актілерге (НҚА) сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар мазмұнның және (немесе) оқыту әдістемесінің түпнұсқа концепциясына ие болуы қажет.

1.3 Әдіснамалық тәсілдер мен принциптер

Авторлық бағдарламаны әзірлеу барысында педагог төмендегі әдіснамалық тәсілдер мен принциптерге сүйеніп, оларды ТЖКОББҰ ерекшеліктеріне бейімдеп көрсетуі қажет:

- *құзыреттілікке негізделген тәсіл:* қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие негізгі және нақты кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталу;

- *тұлғаға бағытталған тәсіл:* білім алушылардың қызығушылықтарын, қабілеттерін және жеке даму деңгейін ескере отырып, жеке білім беру траекторияларын қамтамасыз ету және оқу үдерісін жекешелендіру;

- *жүйелі-әрекеттік тәсіл:* оқытуды белсенді іс-әрекет пен тәжірибе арқылы ұйымдастыру; теориялық білім олардың тікелей практикалық қолданылуымен ажырамас байланыста болуы тиіс (принципі - «теориядан әрекетке»);

- *инновациялық тәсіл:* егер бағдарлама мазмұны, әдістері немесе технологиялары дәстүрлі нұсқалардан айтарлықтай ерекшеленетін, баламасы жоқ түбегейлі жаңа шешімдерге негізделсе, бұл тәсіл көрсетіледі;

- *цифрлық тәсіл (Digital Approach):* цифрлық технологияларды (АКТ, интернет-өнімдер, жасанды интеллект) экономиканы, білім беруді, басқаруды және әлеуметтік қатынастарды жаңғыртудың негізгі құралы ретінде қарастыратын заманауи тәсіл. Педагогикада бұл тәсіл цифрлық білім беру ортасын жобалауға, цифрлық ресурстармен жұмыс әдістеріне, цифрлық сауаттылықты қалыптастыруға, сондай-ақ білім беру мазмұнын жаңғырту мақсатында заманауи демонстрациялық жабдықтар мен симуляторларды қолдануға бағытталады

- *тәжірибеге бағытталған тәсіл:* оқыту мен кәсіби даярлаудағы тәсіл, онда оқу мазмұны, әдістері мен нәтижелері нақты практикалық міндеттерді шешуге және білім алушылардың нақты кәсіби жағдайларда білімді қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

- *құндылық тәсіл:* білім берудегі тәсіл, ол білім алушылардың дүниетанымын, мінез-құлқын және оқу мен болашақ кәсіби қызметке деген

мотивациясын айқындайтын жеке, кәсіби және әлеуметтік мәні бар құндылықтар жүйесін қалыптастыруға негізделеді.

1.4 Авторлық бағдарламалардың жіктелуі

Дайындау тәсілі бойынша:

- *адаптивтік бағдарламалар* – бар әзірлемелерді нақты білім беру ортасына бейімдеу арқылы жасалған бағдарламалар;
- *комбинаторлық бағдарламалар* – белгілі элементтерді, тәсілдерді, әдістерді жаңа үйлестіру нәтижесінде жаңа құрылым жасалатын бағдарламалар;
- *радикалдық бағдарламалар* – пән мазмұнын түбегейлі жаңартуды көздейтін бағдарламалар. Бұл ретте мемлекеттік білім беру стандарты базалық негіз болып табылады.

Жаңашылдық деңгейі бойынша:

- *педагогикалық инновация* – білім беру тәжірибесіндегі маңызды өзгерістер негізінде туындаған, бірақ объективті (яғни ел немесе әлем үшін әлеуметтік маңызы бар) жаңалық дәрежесіне талап қоймайтын жаңашылдықтарды жасау және енгізу;
- *педагогикалық өнертабыс* – білім беру саласындағы қоғамдық маңызы бар практикалық міндетті шешуге бағытталған және объективті жаңалыққа талап қоятын нәтиже;
- *педагогикалық ашылу* – бұрын белгісіз болған, объективті түрде өмір сүретін заңдылықтарды, қасиеттерді, құбылыстарды, тиімді оқыту мен тәрбиелеу принциптерін анықтау.

Іске асыру мерзімі бойынша:

- *қысқа мерзімді* – оқу мерзімі 1 оқу жылынан аз бағдарламалар;
- *бір жылдық* – 1 жылдық оқытуға арналған бағдарламалар;
- *ұзақ мерзімді* – бірнеше жылға жоспарланған бағдарламалар.

1.5 Авторлық бағдарламалардың бағыттары

Педагогтердің авторлық бағдарламалары өте кең бағыттар бойынша талаптарды ескере отырып, жасалуы мүмкін. Мысалы,

- *оқу бағыты*: пәнді тереңдетіп оқыту бағдарламасы, элективті курс, факультативтік курс, арнайы курс бағдарламасы, авторлық оқу курсы, конкурстарға, олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына дайындық курсы;

– *тәрбиелік, әлеуметтік-педагогикалық бағыт* (тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар, әлеуметтік педагогтар, кураторлар, педагог-психологтар үшін өзекті): еріктілер қызметі бағдарламасы, азаматтық және патриоттық құндылықтарды қалыптастыру бағдарламасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие бағдарламасы, девиантты мінез-құлық пен буллингтің алдын алу бағдарламасы, медиа-сауаттылықты қалыптастыру бағдарламасы, рухани-адамгершілік тәрбие, эмоционалдық интеллект, Soft skills дамыту, СӨС

(денсаулықты сақтау) бағдарламасы, девиантты мінез-құлықты оқушылардың ата-аналарымен жұмыс бағдарламасы және т.б.;

– *кәсіби бағыт*: өндірістік оқыту бағдарламасы, кәсіби бағдар беру бағдарламасы, дуальды оқыту бағдарламасы, кәсіби жарыстарға (WorldSkills және т.б.) дайындық бағдарламасы, тәжірибеден өту кезінде тәлімгерлік бағдарламасы және т.б.;

– *ғылыми-әдістемелік бағыт* (педагогикалық тәжірибе өнімі ретінде, басшылар, орынбасарлар, әдіскерлер үшін өзекті): аттестаттаудан өтетін педагогтарды әдістемелік қолдау бағдарламасы, педагогтердің зерттеу құзыреттерін дамыту бағдарламасы, педагогтердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, менторлық бағдарламасы және т.б.;

– *инклюзивтік бағыт*: ЕББҚ (ерекше білім беруді қажет ететін) бар студенттерді сүйемелдеу бағдарламасы, жеке білім беру маршрутын құрастыру технологиясы бойынша бағдарлама, толеранттылық пен инклюзивті мәдениетті дамыту бағдарламасы және т.б.;

– *түзету-дамыту бағыты* (педагог-психологтар, кураторлар, әлеуметтік педагогтар үшін өзекті): білім алушыларды бейімдеу бағдарламасы, мазасыздықтың, агрессияның алдын алу бағдарламасы, когнитивті дағдыларды дамыту бағдарламасы және т.б.;

– *мәдени-демалыс бағыты*: музыкалық, көркемдік қабілеттерді дамыту бағдарламасы, шығармашылық үйірмелер, студиялар, студенттік медиа-орталық бағдарламасы және т.б.

1.6 Авторлық білім беру бағдарламасын жасауға қойылатын жалпы талаптар

Талаптар санаты	Сипаттама
Жалпы мақсаттағы талаптар	1. <i>Өзектілік</i> – қазіргі заманның қажеттіліктеріне жауап береді және болашақтағы мәселелерді шешеді, білім берудегі заманауи тенденцияларды (цифрландыру, жасанды интеллект, онлайн-білім беру және білім саласына қатысты басқа да өзгерістерді) ескереді; оқу-әдістемелік материалда қарастырылған мәселенің жеткіліксіз зерттелген тұстары атап өтіледі. 2. <i>Болжамдық сипат</i> – білім беруге қойылатын болашақтағы перспективалық талаптарды ескереді. 3. <i>Тиімділік</i> – барынша жоғары нәтиже алу үшін мақсаттар мен әдістерді анықтайды. 4. <i>Шынайылық</i> – бағдарламаның мақсаттары қолжетімді және ұсынылған әдістерге сәйкес келеді. 5. <i>Тұтастық</i> – бағдарламаның толық, бірізді және өзара байланысты орындалуы. 6. <i>Бақыланушылық</i> – нәтижелер мен олардың тексеру тәсілдерін нақты анықтау. 7. <i>Түзетілушілік</i> – қажет болған жағдайда өзгерістер енгізу мүмкіндігі.

Тұжырымдамалық-мазмұндық талаптар	<i>Түпнұсқалық, жан-жақты ойластырылған авторлық тұжырымдама:</i> <i>1) Заманауи жетістіктерді ескеру:</i> - тиісті саладағы ең жаңа ғылыми-практикалық әзірлемелер, - әріптестердің тәжірибесі мен озық әдістемелер, - психология-педагогика саласындағы өзекті зерттеу деректері.
	2) Авторлық бағдарламаның жаңашылдығы мен инновациялылығы: - жаңа идеялар, технологиялар, әдістер, мазмұны, тәсілдер; - авторлық талдаудың тереңдігі және өзіндік теориялық немесе практикалық шешімдердің болуы; - идеялардың, деректерді интерпретациялаудың және қорытындылардың түпнұсқалығы. 3) Авторлық бағдарламаның ғылыми және әдістемелік негізділігі: – өзекті ғылыми деректерге, зерттеу нәтижелеріне, теориялық модельдер мен эмпирикалық фактілерге, әдістемелік тәсілдерге негізделеді; – концептуалдық негіздеме ұсынылған (мақсат, міндеттер, күтілетін нәтижелер); – беделді дереккөздерге (монографиялар, мақалалар, оқулықтар, нормативтік құжаттар) сүйенген сенімді ғылыми ақпарат пайдаланылады; – қолданылған дереккөздердің жеткілікті саны, ескірген немесе сенімсіз материалдардың болмауы, дәйексөз беру ережелерінің сақталуы; – мазмұны қазіргі ғылыми түсініктерге сай, ескірген немесе дәлелденбеген теориялар жоқ; – талдау мен фактілерге сүйенген логикалық әрі дәлелді қорытындылар; – педагогика және оқыту әдістемесі қағидаттарының сақталуы; авторлық бағдарламаның тиімділігін растайтын білімді бақылау және кері байланыс механизмдерінің болуы. 4) Авторлық бағдарламаның практикалық маңыздылығы: – зерттеу нәтижелерінің нақты өмірде немесе тәжірибеде (мысалы, өндірісте, білім беруде және т.б.) қалай қолданылатынының түсіндірмесі; – алынған нәтижелермен қандай нақты проблемалар мен міндеттерді шешуге болатыны көрсетіледі. 5) Жүйелілік және бірізділік: – мазмұны логикалық, бірізді және жүйелі түрде беріледі; – тақырыптар өзара байланысқан және бірін-бірі толықтырады, пән туралы тұтас түсінік қалыптастырады; – қарастырылатын тақырыптың толық қамтылуы қамтамасыз етіледі, бөлімдердің фрагментарлығы мен оқшаулануы болдырылмайды. 6) Авторлық бағдарлама мазмұнының сапасы: – тақырыптардың жеткілікті терең ашылуы;

	– дәл, ғылыми негізделген және дұрыс терминологияның қолданылуы; – екіұшты, қарама-қайшы немесе артық тұжырымдардың болмауы. 7) Авторлық бағдарламаның ресімделуі: – құжаттың дұрыс ресімделуі және белгіленген талаптарға сәйкестігі; – тілдік және стилистикалық қателердің болмауы (грамматикалық, пунктуациялық, қабылдауға қиын тұжырымдар).
--	---

2- тарау. АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ВАЛИДАЦИЯЛАУ

Авторлық білім беру бағдарламасын әзірлеу - күрделі, көпқырлы және жауапты үдеріс. Ол әзірлеушіден жоғары педагогикалық тәжірибені, кәсіби біліктілікті, сондай-ақ өз ресурстарын шынайы бағалау қабілетін талап етеді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының еңбек нарығының ерекшелігіне нақты бағытталып, жоғарыда көрсетілген НҚА (1-бөлім) міндетті түрде ескеріле отырып бейімделуі тиіс:

Әзірлеу үдерісіне кірісе отырып, автор бағдарламаның өміршеңдігін және оның маңыздылығын айқындайтын келесі негізгі сұрақтарға жан-жақты талдау жүргізуі қажет:

- Ұсынылып отырған бағдарламаның негізгі миссиясы мен мәні неде?
- Осы бағдарламаға нақты сұраныс бар ма? Ол білім беру кеңістігі мен еңбек нарығы қатысушылары үшін қажетті ме?
- Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде білім алушылар мен қоғам қандай өлшемді нәтижеге қол жеткізеді?
- Ұсынылып отырған шешімдердің авторлық деңгейі, жаңашылдығы мен бірегейлігі неден көрінеді?
- Бағдарламаны толық әрі табысты іске асыруға жеткілікті материалдық, техникалық және қаржылық ресурстар бар ма?

Сапалы авторлық бағдарламаны әзірлеу жүйелі тәсілді талап етеді және төменде көрсетілген негізгі кезеңдерді қамтиды.

1-кезең. Қажеттіліктерді талдау және ортаны аудиттеу (өзектендіру)

Мақсаты: авторлық бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігін дәлелдейтін объективті негізді (дәлелдемелік базаны) қалыптастыру.

Әрекеттер	Сипаттама
1.1 Қолданыстағы бағдарламалардың аудиті	Таңдалған бағыт бойынша қолданыстағы бағдарламаларды, соның ішінде Үлгілік оқу бағдарламаларын (ҮОБ) талдау. Олардың кемшіліктері мен олқылықтарын анықтау.

1.2 Еңбек нарығын және кәсіби стандарттарды талдау	Қоғамның, жұмыс берушілердің және ҚР кәсіби стандарттарының түлектерге қойылатын талаптарын зерттеу. Қолданыстағы бағдарламалардың олқылықтарын анықтау және оларды өтеу үшін авторлық бағытты қалыптастыру
1.3 Мақсатты аудиторияны анықтау	Колледждің кәсіби бағытын және студенттердің дайындық деңгейін ескеру. Жаңа авторлық бағдарлама шешуі тиіс мәселені немесе тар мамандандыру саласын нақтылау.
Нәтиже	Бағдарламаның өзектілігін және шешуге бағытталған нақты проблеманы анық түсіну (бағдарлама неге бағытталған, нені түзетеді немесе тереңдетеді).

2-кезең. Концепцияны жобалау және мақсат қою

Мақсаты: Авторлық идеяны (жаңашылдықты) қалыптастыру және ҚР біліктілік талаптарына сәйкес оқу нәтижелерін (құзыреттерді) анықтау.

Әрекеттер	Сипаттама
2.1 Авторлық идеяны және авторлық бағдарламаның атауын тұжырымдау	Авторлық бағдарламаның атауын дұрыс анықтау: атауы кемінде 4 және максимум 14 сөзден тұруы тиіс және оның негізгі идеясын айқын көрсетуі қажет. Бағдарламаның бірегейлігін, оның әдістемелік немесе мазмұндық жаңашылдығын анықтау (мысалы, дуальды оқытуға, инклюзивті білім беруге басымдық беру, салалық стандарттарды интеграциялау, жасанды интеллект және т.б.).
2.2 Мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдау	Теориялық-әдістемелік негізді және тәсілдерді анықтау (жүйелік, қызметтік, құзыреттік, тұлғаға бағытталған және т.б.). Бағдарламаның жалпы мақсатын анықтау. ҚР мемлекеттік стандарт, кәсіби стандарттар, жұмыс берушілер талаптарына сәйкес нақты базалық және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған SMART-мақсаттарды жобалау.
2.3 Күтілетін нәтижелерді болжау	Студенттің курсты аяқтағаннан кейін не білетіні, не істей алатыны және қандай практикалық дағдылар мен құзыреттерге ие болатынын сипаттау.
2.4 Ресурстық қамтамасыз етудің негіздемесі	Авторлық бағдарламаны жүзеге асыру үшін ресурстарды анықтау (қызметкерлер, техникалық жабдықтар, оқу-әдістемелік материалдар, бағдарламалық қамтамасыз ету).
Нәтиже	Бағдарламаның концепциясы, оның жаңашылдығын, мақсаттар иерархиясын және болжанатын нәтижелерді (білім, дағдылар, құзыреттер) көрсетуі.

3-кезең. Курс құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру

Мақсаты: ҚР нормативтерін сақтай отырып, курстың логикалық ұйымдастырылуын, сағаттық көлемін және материалды оқу ретін анықтау.

Әрекеттер	Сипаттама
3.1 Оқу-тақырыптық жоспарды әзірлеу	Жалпы еңбек сыйымдылығын (сағаттардың жалпы саны), аудиториялық және дербес сабақтардың, теориялық, практикалық, зертханалық жұмыстардың арақатынасын, сондай-ақ студенттердің жобалық және дербес қызметіне

	бөлінген сағаттарды (ҚР оқу – ағарту Министрлігі әдістемелік ұсынымдарын ескере отырып) айқындау.
3.2 Тақырыптардың мазмұнын нақтылау	Тақырыптық бөлімдердің (модульдердің) мазмұнын, олардың логикалық реттілігін және сағаттар/кредиттер көлемін анықтау, әр тақырып бойынша негізгі сұрақтардың, түсініктер мен практикалық тапсырмалардың тізімін жасау.
3.4 Оқытушы мен студенттердің қызметін жоспарлау	Оқыту мен тәрбиелеудің технологияларын, әдістерін (кейстер, пікірталастар, іскерлік ойындар және т.б.) және студенттердің қызмет түрлерін (жобалау, шығармашылық, зерттеу және т. б.) анықтау.
Нәтиже	Сабақ сағаттары мен түрлерін көрсететін оқу-тақырыптық жоспар, сондай-ақ курс мазмұнының логикалық моделі.

4 кезең. Авторлық бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу

Мақсаты: ТЖКББ кәсіби бағытына бейімделген қажетті оқу мазмұны мен бақылау құралдарын жасау.

Әрекеттер	Сипаттама
4.1 Оқу-әдістемелік материалды әзірлеу	Қазақстандағы нақты өндірістік жағдайларға негізделген дәріс материалдарды, практикалық және зертханалық жұмыстарға арналған тапсырмаларды, кейстерді, әдістемелік нұсқаулықтарды және т.б. жасау.
4.2 Бағалау құралдарының қорын қалыптастыру (БҚК)	Аралық және қорытынды нәтижелерді бағалау критерийлері мен құралдарын әзірлеу (тесттер, бақылау сұрақтары, аралық/емтихан тапсырмалары, сауалнамалар).
4.3 Әдебиеттер мен ресурстарды таңдау	Негізгі және қосымша оқу, әдістемелік, ғылыми, кәсіби әдебиеттер тізімін, сондай-ақ бағдарламалық қамтамасыз ету және ҚР нормативтік құжаттарының тізімін жасау.
Нәтиже	Оқу-әдістемелік материалдар мен бағалау құралдарының толық жинағы.

5-кезең. Нормативтік-әдістемелік сараптама және ресімдеу

Мақсаты: Бағдарламаның нормативтік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету және білім беру ұйымында бекітуге арналған ресми құжаттарды дайындау.

Әрекеттер	Сипаттама
5.1 Нормативтік салыстыру және біріздендіру	Бағдарламаның мазмұны мен құзыреттерін ҚР МЖМБС және кәсіби стандарттардың талаптарымен салыстыру. Терминология мен құрылымды соңғы біріздендіру.
5.2 Бағдарламаның кіріспе бөлігін дайындау	Түіндірме жазба (кіріспе) ресімделеді, онда: өзектілік, мақсаттар, міндеттер, пәннің/модульдің оқу жоспарындағы орны, авторлық концепцияның сипаттамасы (жаңашылдық, практикалық маңыздылық), апробация нәтижелері, құрылымы, күтілетін нәтижелер көрсетіледі.
5.3 Негізгі және әдістемелік бөлікті ресімдеу	Бағдарлама бөлімдерін нақтылау: мазмұны, оқу-тақырыптық жоспары (ОТП), құзыреттер тізімі, оқу нәтижелеріне қойылатын талаптар, әдебиеттер тізімі және қосымшалар.

	Бағалау формалары, бағалау критерийлері, ұсынылатын технологиялар мен әдістер сипатталады.
5.4 Ішкі сараптама ПЦК, кафедра деңгейінде (бар болған жағдайда)	Бағдарламаны пәндік-циклдік комиссия (ПЦК), кафедра отырыстарында рецензиялау үшін ұсыну. Оқытушылар немесе жұмыс берушілерден рецензия алу міндетті.
Нәтиже	ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес келетін, ПЦК немесе кафедрадан оң қорытынды алған ресми бағдарлама құжаты және қосымша рецензиялар.

6-кезең. Пилоттық апробация және түзету

Мақсаты: Бағдарламаның практикада тиімділігін тексеру, әлсіз тұстарын анықтау және объективті кері байланыс алу.

Әрекет	Сипаттама
6.1 Пилоттық курсты жүргізу	Бағдарламаны таңдалған эксперименттік (немесе бақылау) студенттік топпен жүзеге асыру.
6.2 Кері байланысты жинау және талдау	Студенттердің пікірін жинау (сауалнама), әріптестердің бақылауы және аралық оқу нәтижелерін талдауы.
6.3 Қорытынды нәтижелерді талдау	Қол жеткізілген оқу нәтижелерін жоспарланған мақсаттармен салыстыру.
6.4 Түзету	Алынған деректер негізінде мазмұнға, әдістемелерге, сағаттарды бөлуге немесе бағалау құралдарына өзгерістер енгізу.
Нәтиже	Практикалық тиімділігі расталған апробациядан өткен және жетілдірілген бағдарлама.

7-кезең. Ішкі бекіту (білім беру ұйымы деңгейінде)

Мақсаты: Бағдарламаны колледж ішінде ресми қолдануға рұқсат алу

Әрекет	Сипаттама
7.1 Есептік құжаттарды дайындау	Апробация есебін құрастыру, оның ішінде кіріс, аралық және қорытынды бақылау нәтижелері, сондай-ақ кері байланысты талдау.
7.2 Білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінде бекіту	Бағдарлама, апробация есебі және ПЦК, кафедра қорытындысы колледждің Әдістемелік кеңесіне ұсынылады. Бағдарламаны қолдануға ұсыну туралы шешім қабылданады.
7.3 Директордың бұйрығы	Бағдарламаны бекіту және оны колледждің оқу процесіне енгізу туралы директор бұйрығы шығарылады (міндетті пән, факультатив немесе оқу жоспары компоненті ретінде).
Нәтиже	Бағдарлама ресми бекітілген және колледждің оқу процесінде тұрақты қолдануға дайын.

8-кезең. Сыртқы сараптама және бекіту (облыстық/республикалық деңгей)

Мақсаты: Бағдарламаны басқа оқу орындарында қолдану немесе авторлық әдістемелік әзірleme мәртебесін алу үшін ұсыныстық белгі алу.

Әрекет	Сипаттама
--------	-----------

8.1 Облыстық (аймақтық) оқу-әдістемелік орталық сараптамасы	Білім беру ұйымы педагогтың материалдарын колледж басшысының ұсынысы бойынша облыстық әдістемелік кеңеске (ОӘК) немесе сараптамалық кеңеске (СК) жолдайды.
8.2 Республикалық ОӘБ жолдау	ОӘК немесе (СК) оң қорытынды бергеннен кейін, бағдарлама республикалық рецензиялау және сараптаалық бағалау үшін (РОӘБ, РОӘК) ұсынылады.
8.3 Республикалық эксперттік кеңесте қаралуы	ТжКОБ РОӘК сараптамалық кеңеске ұсынылған материалдарды бағалайды, педагогикалық тәжірибенің жаңашылдығы мен маңыздылығын тексереді. Сараптамалық қорытынды шығарылады.
8.4 РОӘК бекітілуі	Сараптамалық кеңестің оң қорытындысынан кейін, бағдарлама ТжКОБ РОӘК соңғы бекітуге жіберіледі. РОӘК отырысында сараптама нәтижелері қаралып, шешім қабылданады. Хаттамаға сәйкес қорытындылар дайындалып, өңірлер мен республикалық білім беру ұйымдарына жолданады.
8.5 Инновациялық педагогикалық тәжірибені тарату	РОӘК оң шешім қабылдаған жағдайда, педагог өз инновациялық тәжірибесін кемінде үш облыста немесе республикалық деңгейде таратады (салалық мемлекеттік органдарға бағынышты республикалық ұйымдар мен білім беру ұйымдары үшін).
Нәтиже	Бағдарлама ҚР ТжКОББҰ тарату үшін сыртқы қорытынды немесе ұсыныстық белгі алады.

9-кезең. Енгізу, жүзеге асыру және мониторинг

Мақсаты: Бағдарламаны колледждің ресми оқу процесіне интеграциялау және оның ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ету.

Әрекет	Сипаттама
9.1 Оқу жоспарына интеграциялау	Бағдарламаны мамандықтың жұмыс оқу жоспарына тұрақты түрде енгізу (барлық алынған белгілер (грифтер) мен ұсыныстарды ескере отырып).....
9.2 Ресурстармен қамтамасыз ету	Бағдарламаны жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық база, бағдарламалық қамтамасыз ету дайындау және оқытушылардың біліктілігін арттыру.
9.3 Мониторинг және дамыту	Тиімділікті жүйелі (жыл сайын) бақылау, жұмыс берушілер мен түлектерден ұзақ мерзімді кері байланыс жинау. Мазмұны мен оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) жүйелі жаңартып отыру арқылы өзектілікті сақтау.
Нәтиже	Авторлық бағдарлама әрекеттегі оқу құжаты болып табылады, ТжКОББҰ жүйесінде қолданылады және тұрақты түрде жетілдіріліп отырады.

3-тарау. АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ РЕСІМДЕЛУІ. НЕГІЗГІ КОМПОНЕНТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН СИПАТТАМАСЫ

3.1 Авторлық бағдарламаның құрылымы

Бағдарлама келесі құрылымдық блоктар мен элементтерден тұрады (2-қосымша).

1-блок. Концептуалдық

- *Түсіндірме жазба*

2-блок. Оқу-әдістемелік

- **Оқу-тақырыптық жоспар** (оқу бағдарламалары үшін міндетті): тақырыптар, сағат саны, сағаттарды теория, практика, өзіндік жұмысқа бөлу. Басқа бағыттағы бағдарламалар үшін (тәрбиелік, әлеуметтік-педагогикалық, мәдени-бос уақыт және т.б.) оқу-тақырыптық жоспардың орнына іске асыру жоспары немесе модульдік-блоктық құрылым қолданылады, онда кезеңдер, іс-шаралар, мерзімдер, жауаптылар және күтілетін нәтижелер көрсетіледі.

- **Бағдарламаның мазмұны:** тақырыптардың қысқаша сипаттамасы, негізгі ұғымдар, заңдар, принциптер, теориялар, классификациялар, практикалық жұмыстар.

- **Оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету:** әдістемелер, технологиялар, бақылау формалары және дидактикалық құралдар; қолданылатын оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтар, цифрлық ресурстар тізімі.

3-блок. Бақылау-әдістемелікке:

- **Күтілетін нәтижелер:** студенттердің жоспарланған құзыреттері; бағалау критерийлері.

4-блок. Анықтамалық

- **Әдебиеттер тізімі,** бағдарламаның бағытына сәйкес, қажет болған жағдайда екі әдебиет тізімін көрсетуге болады: оқытушыларға және студенттерге ұсынылатын.

- **Қосымшалар:** тапсырмалар, жобалар, кейстер, үлгілер, тексеру парақтары және т.б.

3.2 Авторлық бағдарламаны ресімдеу

3.2.1 Титулдық бет

Титулдық бет – бағдарламаның «визиттік картасы». Сондықтан мұнда келесі ақпарат көрсетілуі тиіс (*1- қосымша*):

- білім беру ұйымының атауы;
- бағдарламаның қайда, қашан және кім тарапынан бекітілгені;
- бағдарламаның толық атауы;
- бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі;
- автордың (авторлардың) аты-жөні және лауазымы;
- қала атауы;
- бағдарламаның жасалған жылы.

3.2.2 Түсіндірме жазба

Бұл бөлім бағдарламаның негізгі бөлімдерінің бірі болып табылады және онда берілген білім беру бағдарламасының негіздемесі мен ерекшеліктері көрсетіледі.

Негіздемені құрастыру кезінде келесі авторлық бағдарламаны жасау өзектілігін, автор пайдаланатын негізгі ұғымдарды көрсету, бағдарламаның теориялық және практикалық бағыттағы негізгі идеялары мен тәсілдерін сипаттау сияқты жайттар қамтылуы қажет:

Түсіндірме жазбада (3- қосымша) мақсаттар мен міндеттер нақты және айқын көрсетілуі, бағдарламаның жаңашылдығы, басқа ұқсас бағыттағы бағдарламалардан айырмашылығы белгіленуі қажет. Әсіресе, бағдарламаны ерекше, бірегей ететін авторлық жетістіктердің мәні нақты көрсетілуі маңызды. Практикалық маңыздылықты көрсету міндетті, сондай-ақ ұсынылған бағдарламаның апробация нәтижелері туралы қысқаша ақпаратты қосуға болады.

Жалпы алғанда, түсіндірме жазбаның құрылымында келесі компоненттер болуы қажет:

Компоненттер	Негізгі мазмұны
Нормативтік-құқықтық негіздеме	Бағдарламаның қай құжаттарға негізделгенін көрсету қажет (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, сәйкес деңгей/мамандану бойынша Мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарты, кәсіби стандарттар және т.б.).
Бағдарламаның оқу процесіндегі орны	Бағдарламаның міндетті компонент (модуль), пән, таңдау пәні, факультатив, элективті курс екенін сипаттау.
Мақсатты аудитория	Бағдарламаның бағытталған топтары: студенттер (мамандану, біліктілік, курс) немесе педагогтар және т.б.
Өзектілігі	Бағдарламаның өзектілігін, қажеттілігін нақты жағдайларды талдау негізінде көрсету; алдыңғы бағдарламалар мен олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескеру, Қазақстанның еңбек нарығының қазіргі талаптары, жұмыс берушілердің сұраныстары және саланы жаңғырту контексті.
Жаңашылдық / айрықша ерекшеліктері	Авторлық идеяны сипаттау (жаңа тәсілдер, әдістер, технологиялар, мазмұны). Бағдарламаның қолданыстағы (авторлық әдістемелер, оқытудың жаңа технологиялары, бірегей мазмұны) жаңалығы, артықшылықтары, негізгі айырмашылықтары неде екенін көрсету. Егер бағдарлама бейімделген, өзгертілген болса, автордың енгізген өзгерістерін негіздеу қажет, әсіресе осы бағдарламаны түпнұсқа және ерекше ететін авторлық әзірлемелердің нені білдіретінін атап өту өте маңызды. Маңызды бөлігі-бұрыннан бар бағдарламалардан айырмашылықтарды егжей-тегжейлі көрсету, қажет болған жағдайда: - айырмашылықтардың әрқашан нақты және өлшенетінін растау (мысалы, жаңа құрылым, МЖМБС-да жоқ модульдерді қосу, бағалаудың бірегей әдістерін немесе оқыту технологияларын қолдану және т. б.); -бұл айырмашылықтар жалпы жаңалықтың қысқаша егжей-тегжейі екенін және Бағдарламаға ТЖКОББ ортасында талап етілетін авторлық мазмұнға ие болу құқығын беретіндігін көрсету.

Әдістемелік, теориялық негіздері	Бағдарламаның қандай теориялық-әдістемелік негіздер мен тәсілдерге сүйенетінін сипаттау.
Практикалық маңыздылығы	Әзірленген авторлық бағдарлама нақты білім беру тәжірибесіне қандай пайда, қолдану және құндылық әкелетінін түсіндіру. Үш негізгі сұраққа жауап беріңіз: Бұл кімге пайдалы, қажет? (Іске асыруға арналған жұмыс тобы). Нақты не енгізілуде? (Өнім / нәтиже) Іске асыру нәтижесінде не өзгереді? (Әсері)
Мақсаты, міндеттері	Бағдарламаның мақсаты нақты, өлшенетін, қолжетімді және өзекті болуы тиіс. Ол бағдарламаны іске асыру кезінде қол жеткізуге жоспарланған стратегиялық нәтижені көрсетеді және білім алушылар мен педагогтар үшін қандай нәтиже күтілетіні түсінікті болатындай етіп тұжырымдалады. Бағдарламаның міндеттері мақсатты нақтылап, жеке өлшенетін кезеңдерді немесе іске асыру қадамдарын көрсетуі керек. Олар қамтамасыз етуі керек: Нақтылық (Specific) – әр тапсырма нақты не және қалай қол жеткізілетінін анықтайды; Өлшеуіш (Measurable) – тапсырманың нәтижесін сандық немесе сапалық тұрғыдан бағалауға болады; Қол жетімділік (Achievable) - бағдарлама шеңберінде нақты және орындалатын міндет; Өзектілігі (Relevant) – міндет бағдарламаның мақсатына және білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келеді; Уақыт шегі (time – bound) - тапсырмаға жетудің болжамды мерзімі анықталған және нақты. <i>SMART форматындағы тапсырма бағыттарының мысалдары:</i> Кәсіби-технологиялық-белгілі бір теориялық білімді, практикалық дағдыларды және кәсіби мәселелерді шешу әдістерін игеру. Когнитивті-коммуникативті-сыни ойлауды, аналитикалық қабілеттерді және топтық жұмыс дағдыларын дамыту. Әлеуметтік-кәсіби-жауапкершілікті, еңбек тәртібін және кәсіби этиканы қалыптастыру. Авторлық элемент-бағдарламаның өзіндік ерекшелігі мен автордың жаңалығын көрсететін бірегей әдістемелік тәсілдерді қосу. Бір жағынан, тапсырмаларды анықтауда максималды дәлдік пен айқындыққа ұмтылу маңызды, осылайша олардың нақты, өлшенетін, шешілетіні бірден анық болады. Екінші жағынан, бағдарламаның авторлық сипатын ескере отырып, авторлық тәсілдің жалпы түпнұсқалығын, жаңалықтың қажетті көлеңкесін қадағалайтын етіп тапсырмаларды анықтау қажет.
Күтілетін нәтижелер	Күтілетін нәтижелер-бұл мақсатқа жету және авторлық Бағдарламада қойылған міндеттерді орындау. Бағдарламаны мақсаттар мен міндеттерге сәйкес зерделеу нәтижесінде қол

	жеткізілетін нақты сипаттама қажет. Сондай-ақ, күтілетін нәтижелерді сипаттау кезінде авторлық бағдарламаны құрастырушы Бағдарламада қойылған міндеттерді іске асыру кезінде пайдаланған жаңалықтардың қандай рөл атқарғанын көрсету қажет.
Көлемі және мерзімі	Жалпы сағат санын (академиялық/кредит) және бағдарламаның жүзеге асу мерзімін (бір семестр, оқу жылы және т.б.) көрсету.
Құрылымы және мазмұны	Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы, негізгі бөлімдер/тақырыптар, сағат санын көрсету.
Әдістер мен жұмыс формалары	Қолданылатын технологиялар, әдістер, сабақ ұйымдастыру формаларының сипаттамасы.
Оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету	Ресурстық қамтамасыз ету. Материалдар тізімі: оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік нұсқаулықтар, жұмыс дәптерлері, тесттер, презентациялар, цифрлық ресурстар т.б.
Бақылау және бағалау формалары	Оқу нәтижелеріне қол жеткізуді тексерудің қолданылатын нысандарының сипаттамасы (ағымдағы бақылау, аралық бақылау, аралық аттестаттау (емтихан/сынақ), жобаны/портфолионы қорғау, демонстрациялық емтихан, біліктілік тапсырмасы және т.б.) және бағалау критерийлері.
Апробация нәтижелері	Бағдарламаны апробациялау туралы мәліметтер.

Түсіндірме жазба үшін ұсынылған шамамен клишелер

Компоненттер	Клише (қазақша)
1.Авторлық бағдарламаның өзектілігі	- Бұл мәселенің өзектілігі ... байланысты артып келеді. - Қазіргі уақытта білім берудің ең өзекті мәселелеріне ... жатады. - ... жағдайында мәселенің маңызы артып отыр (нақты мәселені ... көрсету ... қажет). - ... оқыту (тәрбиелеу) мәселелеріне қызығушылық ... арқылы анықталады. - Бұл бағдарламаның өзектілігі ТжКОБ жүйесінің қазіргі талаптарымен анықталады ... - Бағдарламаны әзірлеу оқушылардың ... (жеке тұлғалық, әлеуметтік, кәсіби) құзыреттерін қалыптастыруға көңіл бөлінгендіктен өзекті болып отыр.
2. Оқу пәнін (курс, пән, модуль, факультатив) енгізу себептері	... енгізудің қажеттілігі қолданыстағы ... пән ... талаптарының сәйкес еместігіне байланысты. - ... енгізу себептері білім беру процесіндегі келіспеушіліктерде жатыр, мысалы ... - Қолданыстағы оқу процесі ... қажеттілігі мен жеткіліксіз ... арасындағы сәйкессіздікпен сипатталады. - Бұл бағдарламаны енгізу ... жағдайымен негізделеді. - Бағдарламаны жасау қажеттілігі ... сұранысымен, педагогтердің тәрбиелік/әдістемелік/жобалық қызметінің сапасын арттыруға байланысты туындайды.
3.Бағдарламалық материалдың жаңалығы, ерекшеліктері	- Бағдарламаның жаңалығы ... енгізумен көрінеді. - Бағдарлама авторлық тәсілдерді қолдануды қамтиды ... - Жаңалық дәстүрлі және инновациялық әдістерді интеграциялауда көрінеді ...

	- Бағдарламада ерекше құралдар ұсынылған, олар мүмкіндік береді ... - Авторлық бағдарлама жаңа шешімдер ұсынады ... - Бағдарламаның ерекшелігі ... байланысты. - Оқу курсының ерекшелігі (материалы) ... - Бағдарлама ... кең ауқымды қолдануды мақсат етеді. -Бағдарламаның айрықша белгілері - Бағдарламада ... қолдануға ерекше көңіл бөлінген, бұл білім беру процесін ұйымдастырудың қазіргі талаптарына сәйкестіктің айқын белгісі.
4.Практикалық маңыздылығы	-Бағдарламаны ТжКОББ ұйымдарының педагогтері оқу (тәрбиелік, әдістемелік және т.б.) процесінде пайдалана алады. - Бағдарлама қолданбалы сипатқа ие болуы мүмкін және ... біріктірілуі мүмкін.
5. Әдістемелік тәсілдер	- Бағдарламаның әдістемелік негізі ... (жүйелік, қызметтік, құзыреттік, тұлғаға бағытталған) тәсілдердің негізгі қағидалары болып табылады. - Бағдарламаның методологиялық негізі ... концепциялары болып табылады. - Бағдарлама ... А.Ж.Ә.....идеяларына (еңбектеріне) негізделген.
6. Рөлі мен орны	- Курс ... оқу жоспарына енгізілген пәндердің /модульдердің қатарына кіреді. - Курс ... пәндерімен/ модульдермен тығыз байланысты. - Бағдарлама бұрын оқытылған пәндерге / модульдерге сүйенеді ...
7. Мақсатты аудитория	- Бағдарлама ... арналған, сондай-ақ кейде ... пайдаланыла алады. - Курс ... ұсынылады. - Бағдарлама оқу (қалыптастыру, дамыту, жетілдіру) үшін есептелген.
8. НҚА сәйкестігі	- Бағдарлама ... бойынша нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес құрылған. - Бағдарлама ... негізінде әзірленген, мақсат ...
9. Мақсаттық бағдар	- Осыған сәйкес, бағдарламаның мақсаты ... - Мақсатқа жету келесі тапсырмаларды шешуге байланысты: ... - Бағдарламаның негізгі тапсырмалары келесіде: ...
10.Бағдарламаның құрылымы	- Бағдарламаның құрылымы ... қамтиды. - Бағдарламаның құрылымында негізгі бөлімдер бөлінеді: - 1. «...»; - 2. «...»; - 3. «...». - Курс келесі тақырыптарды (бөлімдер, мәселелер, сұрақтар) қамтиды: ... - Бағдарлама келесі бөлімдерді қамтиды: ...
11. Әдістер мен жұмыс формалары	-Бағдарлама дәстүрлі сабақтарды, дәрістер, семинарлар, экскурсиялар, зертханалық, практикалық сабақтар, диспуттарды қамтиды.

	- Бағдарламаны жүзеге асыру интерактивті әдістерге негізделген: ... - Цифрлық құралдар мен ресурстар қолданылады.
12. Аудиторлық және дербес жұмыс байланысы	- Курсты меңгеруде ерекше орын ... - Курсты оқу кезінде ... үшін дербес (топтық) жұмысты орындау мүмкіндігі қарастырылған.
13. Қорытынды бақылау	- Оқу нәтижелерін бағалау соңғы тест арқылы жүзеге асырылады, ол ... сұрақтарды (тапсырмаларды) қамтиды. - Курс қорытынды бағалауымен (тест, емтихан, бақылау жұмысы) аяқталады. Студент ... ұсынуы тиіс, ... көрсетуі қажет, ... орындауы тиіс. - Студенттің қорытынды бағалауға (емтихан, тест және т.б.) өтуі үшін ... және ... ұсынылуы міндетті.
14. Оқу көлемі мен мерзімі	- Бағдарлама жалпы көлемі ... сағат, ... семестр (оқу жылы) ішінде оқытылады - Курс ... сағат лекциялық-практикалық сабақтарға арналған.

3.2.3 Бағдарламаның оқу - тақырыптық жоспарын құрастыру

Оқу-тақырыптық жоспар (4- қосымша) авторлық бағдарламалар үшін міндетті болып табылады және мыналарды қамтиды: бөлімдер (тақырыптар) тізімі, олардың оқу реттілігі; әр тақырыпты оқу үшін сағат саны, сабақ түрі (теориялық, практикалық, СӨЖ, СОӨЖ, зертханалық жұмыс және т.б.) Жоспар мен кейінгі тақырыптардың мазмұнын сипаттау арасында қатаң сәйкестік болуы тиіс.

Оқу-тақырыптық жоспар кестелік түрде ресімделуі қажет. Оқу-тақырыптық жоспарды сағаттық сабақ жоспары (немесе күнтізбелік-тақырыптық жоспар) деп шатастыруға болмайды.

Басқа бағыттағы бағдарламалар үшін (тәрбиелік, әлеуметтік-педагогикалық, мәдени-бос уақыт бағытындағы және т.б.) оқу-тақырыптық жоспардың орнына іске асырудың күнтізбелік жоспары немесе модульдік-блоктық құрылым қолданылады, онда кезеңдер, іс-шаралар, мерзімдер, жауапты тұлғалар және күтілетін нәтижелер көрсетіледі.

3.2.4 Бағдарламаның мазмұны

«Бағдарламаның мазмұны» бөлімі бағдарламаның құрылымы мен логикусын көрсетуге, қандай тақырыптар қандай реттілікпен оқытылатынын және қандай құзыреттіліктер қалыптасатынын көрсетуге арналған.

Бөлімде теориялық және практикалық сабақтардың мазмұнын қысқа, бірақ нақты түрде сипаттау қажет. Жазу стилі мүмкіндігінше «телеграф стилінде» болуы тиіс. Бұл дегеніміз, сөйлемдер қысқа, күрделі сөйлемдер мен әсіресе қатыстық конструкцияларды қолданбау керек дегенді білдіреді.

Мақсаты – бөлімдер мен тақырыптардың мазмұнын **тезистік түрде** сипаттау, сонда оқушыға сабақ барысында не меңгеру керек екені анық көрінуі керек. Сондықтан, егер сабақ теориялық болса – оқушылар қандай білім алады,

ал егер сабақ практикалық болса – қандай дағдылар мен икемділіктерді меңгереді және қолданады.

Не енгізу керек:

Модульдер, курс тақырыптары: модуль/тақырып атауы, қысқаша сипаттама;

Сабақ түрлері: лекция, практикалық сабақ, зертханалық жұмыс, дербес жұмыс;

Практикалық тапсырмалар (қысқаша): тапсырма атауы, мақсаты, күтілетін нәтиже;

Күтілетін құзыреттіліктер: қандай дағдылар мен икемділіктер қалыптасады.

Бұл бөлімде нақты қадамдық әдістемелік нұсқаулық қажет емес, тек құрылым мен жоспарланған нәтижелерді көрсету жеткілікті.

3.2.5 Бағдарламаны оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету

Бұл бөлім алдыңғы бөлімдердің логикалық әрі мазмұндық жалғасы болып табылады.

Мақсаты: авторлық бағдарламаны жүзеге асыру үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету.

Ұсынылатын ұйымдастырушылық сабақ формалары: дәріс, семинар, практикалық сабақ, зертханалық жұмыс, дербес жұмыс, консультация, жобалық және зерттеу жұмысы, экскурсия, байқау және т.б., қолданылатын педагогикалық технологиялар, әдістер мен тәсілдер, құралдар; нәтижелерді бағалау формалары және критерийлерді кіріктіру қажет.

Сонымен қатар, әрбір бағдарлама үшін диагностикалық әдістемелер пакетін жасау ұсынылады, себебі әр бағдарлама өзіне тән бірегей сипатқа ие.

Кірістіру керек негізгі көздер мен құралдар:

1. *Оқу-әдістемелік материалдар (ОӘМ)* – автор (-лар)дың жеке әзірлеген материалдары (авторлық ОӘМ), бағдарламаның бірегейлігін көрсету үшін. Оларға мыналар жатады: сабақ жоспарлары, іс-шаралар жоспары, технологиялық карталар, жұмыс дәптерлері, тапсырмалар мен жаттығулар жинақтары, кейстер, глоссарий, дидактикалық материалдар, схемалар, кестелер және т.б.

2. *Негізгі әдебиеттер (міндетті)* – оқушылар міндетті түрде оқу керек негізгі оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар немесе ресми басылымдар. Көрсетіледі: толық атауы, автор(лар), шығу орны және жылы.

3. *Қосымша әдебиеттер (ұсынылатын)* – бағдарламаның мазмұнын кеңейтетін қосымша көздер: мақалалар, анықтамалықтар, ғылыми журналдар, нормативтік актілер, хрестоматиялар.

4. *Бағдарламалық қамтамасыз ету және ақпараттық ресурстар (қажет болған жағдайда)* – қажетті бағдарламалық құралдар (мысалы, арнайы бағдарламалар, графикалық редакторлар және т.б.), интернет-

ресурстар (ресми сайттарға сілтемелер, электрондық кітапханалар, деректер базалары, кәсіби порталдар), электрондық оқу ресурстары (LMS сілтемелері, мысалы Moodle, Blackboard немесе арнайы электрондық курстар).

5. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету – сабақ өткізу үшін қажетті техникалық құралдар мен жабдықтар: симуляторлар, стендтер, макеттер, аспаптар мен құралдар.

3.2.6 Әдебиеттер тізімі

Әдебиеттер тізімі – бағдарламаның соңғы бөлімі. Әдебиеттерді библиографиялық сипаттау бойынша мемлекеттік стандарттар бар. Бағдарламаның соңғы бөлімін жасағанда міндетті түрде келесі ережелерге сүйену қажет:

- Әдебиеттер тізімі авторлардың және атаулардың әліпби тәртібімен құралады; автордың деректемесі тегі, аты, әкесі атының бас әрпі фамилиясынан кейін көрсетіледі;

- Баспа орны, баспахана (егер белгілі болса) және басылым жылы көрсетілуі қажет.

Мысалы:

1. Кожина М.Н. Орыс тілі стилистикасы: Оқу құралы. – М.: Просвещение, 1977. – 223 б.

2. Журналдар мен газеттердегі мақалалар.

Усова А.В. Оқуды маңызды және табысты ету үшін // Педагогика. – 2000. – №4. – Б. 30-33.

Электронды ақпарат көздерін пайдаланған жағдайда басылымның шығу деректері міндетті түрде көрсетіледі, интернет-ресурстарды пайдаланғанда – толық электрондық мекенжай көрсетілуі қажет.

Сонымен қатар, «Әдебиеттер тізімі» бөлімінде автор өз жұмыстарын (монографиялар, оқу құралдары, мақалалар және т.б.) қосуға құқылы.

3.2.7 Қосымша

Қосымша – міндетті түрде дайындалатын бөлім. Бағдарламаның осы бөліміне келесі материалдар орналастырылуы мүмкін:

- студенттердің жобалары, курстық және шығармашылық жұмыстардың үлгі тақырыптары;

- оқу-әдістемелік материалдар: конспектілер, сабақ жоспарлары, технологиялық карталар, шығармашылық жұмыстар;

- глоссарий және т.б.

3.2.8 Күтілетін нәтижелер (оқу нәтижелері)

Күтілетін нәтижелер (немесе ОН) қабілеттер мен әрекеттер тұрғысынан қалыптастырылуы керек (мысалы, «талдау жасау», «жобалау», «әзірлеу» сияқты етістіктерді қолдану), таксономияға сәйкес меңгеру деңгейлерін көрсету қажет.

Бұл бөлімде оқу (тәрбиелеу) нәтижелерін бағалау құралдары да ұсынылуы тиіс, осылайша студент бағдарламаны аяқтағаннан кейін нақты нені білуі, нені орындай алуы және қандай қабілеттерге ие болатыны көрініп тұрады.

Тұжырымдамалар нақты, өлшенетін және жоспарланған қабілеттермен тығыз байланысты болуы қажет. Бағалау критерийлерін кестелер немесе тексеру парағы түрінде жасау ұсынылады, сонда оқытушы нәтижелердің қол жеткізілгенін нақты көрсеткіштер бойынша бағалай алады.

Жалпы қолданылатын әдістерден бөлек, өзіңіздің бағалау жүйеңізді ұсыну да ұсынылады.

«Оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету» бөлімінде осы компоненттерді қосу бағдарламаны жүзеге асырудағы ерекшеліктерді айқын көрсетуге мүмкіндік береді.

4 - тарау. ҚҰЖАТТЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Кез келген бағдарлама (соның ішінде авторлық бағдарлама) – ресми құжат, ол алдын ала белгіленген тәртіппен ресімделуі қажет.

4.1 Негізгі талап элементтері

Бұл талаптар құжатты техникалық ресімдеудің барлық негізгі аспектілерін қамтиды:

- бағдарламаның көлемі кемінде 3, ең көп дегенде 7 баспа парағы болуы тиіс;
- қаріп: Times New Roman, 14 кегль, мәтінді ең бойынша түзету, жоларалық интервал – бір жол;
- қаріп: сол жақ шет – 20 мм; оң, жоғарғы және төменгі шеттер – 10 мм, абзацтық кіріс – 1,25 см (қызыл жол);
- барлық беттер араб сандарымен, төменгі оң жақ бұрышта Times New Roman, 10 кегль көрсетіледі. Титул беті, оның артқы беті және мазмұны нөмірленбейді, бірақ жалпы нөмірлеуге қосылады;
- бағдарламаның әрбір бөлімі (тақырып) жаңа беттен басталады;
- тақырыптар орталыққа тураланып, бас әріптермен, астын сызу немесе соңында нүкте жоқ, қалың қаріппен, тақырып пен мәтін арасында бір жол бос орын қалдырылады;
- бөлімдер – бас әріппен, тараулар – кіші әріппен. Тақырыптарда абзацтық кіріс және сөздерді бөлу болмайды;
- мәтінде астын сызу қолданылмайды, курсив және қалың қаріп мәтінді ерекшелеу үшін рұқсат етілген;
- атаулар мен терминдерді қысқартуға болмайды, тек жалпы қабылданған қысқартулар рұқсат етіледі;

- тізім араб сандарымен нөмірленеді, абзацтық кіріс бар, саннан кейін нүкте қойылмайды;
- мәтіндегі дереккөздерге сілтемелер шаршы жақшада көрсетіледі, тізімдегі нөмірімен бірге.

4.2 Титул бетін ресімдеуге қойылатын талаптар

- білім беру ұйымының атауы (ен бойынша түзету, сол және оң жақтан 2 см абзацтық кіріс), қаріп: Times New Roman, қаріп өлшемі 14 кегль;
- білім беру ұйымының басшысымен келісу грифі;
- өңірлік оқу-әдістемелік орталық (ОӨО/ӘК) басшысының бекіту грифі;
- бағдарлама түрі (авторлық бағдарлама) және атауы, қаріп: Times New Roman, 14 кегль;
- титул бетінің артқы жағында: автор(лар)дың немесе құрасстырушылардың аты-жөні, рецензенттер, білім беру ұйымдардың, облыс әдістемелік орталықтардың әдістемелік (сараптамалық) кеңестердің хаттамаларының күні мен нөмірі;
- иллюстрациялар немесе фотосуреттер: анық қара-ақ немесе түсті JPEG форматында;
- кестелер, суреттер, графиктер: орналасуы – орталықта немесе ен бойынша түзету;
- кестелер мен суреттерге қосымша жазулар (кесте үстіне, сурет астыңғы жағына) шрифт: KZ Times New Roman, 10 кегль;
- кестелер мен суреттер шеттерден шықпауы керек.

5 - тарау. БАҒДАРЛАМАНЫҢ АПРОБАЦИЯСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЖҮРГІЗУ ТИІМДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Авторлық бағдарламаның тиімділігін көрсету үшін бағдарламаны апробациялау нәтижелері белгіленген көрсеткіштер мен критерийлер негізінде ұсынылуы қажет.

Төменде бағдарламаны апробациялау барысында әдістемелік дұрыстығын, білім беру стандарттарына сәйкестігін және авторлық тәсілдің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін жалпы көрсеткіштер келтірілген.

5.1 Тиімділік көрсеткіштері

Бағдарламаның бағыты мен авторлық мақсаттарына сәйкес келесі көрсеткіштерді атауға болады:

- күтілетін оқу нәтижелеріне (ОН) жету және оқушылардың қабілеттерінің қалыптасу деңгейі;
- бағдарламаны меңгеруден бұрын және кейін оқушылардың білім мен практикалық дағдыларының өсу динамикасы;
- бағдарламаның мазмұнын меңгеру сапасы соңғы және аралық бақылау

тапсырмаларын орындау деңгейі арқылы;

- Soft skills, мотивация, оқушылардың конкурстар, көрмелер, конференциялардағы табысты қатысу динамикасы;
- оқушылардың жасаған соңғы өнімдерінің сапасы (модель, бағдарламалық код, ғылыми баяндама, көркем шығарма және т.б.);
- бағдарламаға қатысушылардың қанағаттану деңгейі – сауалнама, пікірлер немесе бақылау нәтижелері бойынша.

Көрсеткіштер авторлық бағдарламаның бағыты мен ерекшелігіне байланысты нақтылай түсуі мүмкін.

5.2 Авторлық бағдарламаны апробациялау процесі

Бағдарламаны апробациялау ұйымдастыру және өткізу келесі логика бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

Апробация кезеңі	Кезең мақсаты	Әрекеттер	Нәтижелер / құжаттар
Дайындық кезеңі	Апробация жағдайлары мен форматын анықтау	Апробация мақсаттары мен міндеттерін анықтау. Алаң таңдау (ұйым, педагогтер). Қатысушыларды дайындау.	Апробация жоспары, қатысушылардың келісімі
Бағдарламамен таныстыру	Бағдарламаның мәнін түсінуді қамтамасыз ету	Презентация немесе нұсқаулық. Мазмұн, құрылым және күтілетін әсерді талқылау.	Қатысушылардың пікірлері, талқылау хаттамасы
Практикалық іске асыру	Бағдарламаның жұмысқа жарамдылығы мен тиімділігін тексеру	Нақты жағдайларда қолдану. Аралық деректерді бақылау және жинау.	Бақылау журналдары, педагогтер есептері, фото/видео фиксация
Нәтижелерді жинау және талдау	Тиімділігін бағалау және кемшіліктерді анықтау	Сауалнама / сұхбат. Үдеріс сапасын талдау. Алдын ала және кейінгі көрсеткіштерді салыстыру.	Сараптамалық есеп, диаграммалар, жинақталған кестелер
Бағдарламаны түзету	Пікірлер мен ұсыныстар негізінде өнімді жетілдіру	Өзгерістер енгізу. Сарапшылар пайдаланушылармен қайта консультация.	Жаңартылған өнім нұсқасы, түсіндірме жазба
Қорытынды сараптама	Таратуға дайын екендігін растау	ЦӘК, ҒӘК кафедрасына ұсыну. Сарапшылардың бағалауы.	Сарапшылар қорытындысы, отырыс хаттамасы
Құжаттау және тираждау	Кең қолдануға мүмкіндік беру	Анықтамалық сараптамалық жазба, ғылыми-әдістемелік (ҒӘК) және сараптамалық кеңес (СК) аясында қаралуы және бекіту үшін қосымша құжаттар дайындау	Құжаттар

5.3 Апробация нәтижелерін ресімдеу

Сараптамаға ұсыну үшін апробация нәтижелері анықтама түрінде ресімделеді (5-қосымша).

6- тарау. БАҒДАРЛАМАНЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУ ҚАТЕЛІКТЕРІ

Авторлық бағдарламаны жазу тек пәнді білу ғана емес, әдістемелік және формальды талаптарды қатаң сақтау қажеттілігін талап етеді. Алғашқыда педагогтердің бағдарлама құрылымы мен жазу стилі туралы білімінің жеткіліксіздігі байқалады.

Кейде білім беру бағдарламасы есеп беруге ұқсайды немесе бағдарламаның орнына көбіне технологиялық карталар ұсынылады. Төменде әзірлеушілер жиі жіберетін типтік қателіктер көрсетілген.

1. Мақсаттар мен нәтижелерді (ОН) қалыптастырудағы қателіктер

Қате	Мәні және мәселесі	Қалай түзетуге болады
Өлшенбейтін ОН	Тексеруге болмайтын жалпы етістіктерді қолдану: «білу», «түсіну», «танысу».	Оқу нәтижелерін (ОН) SMART критерийлері бойынша, әрекет етістіктерін қолдана отырып қалыптастыру: «талдау жасау», «жобалау», «әзірлеу» және т.б.
Мақсаттардың қайталануы	Авторлық бағдарламада бұрын білім беру бағдарламасында көрсетілген тұжырымдамалардың қайталануы, нақтылау жоқ.	Білім беру бағдарламасындағы ОН курс мазмұны мен ерекшелігіне бейімдеу, нақтылау.

2. Құрылым мен мазмұндағы қателер

Қате	Мәні және мәселесі	Қалай түзетуге болады
Мазмұнның артық жүктелуі	Бағдарламаға тым көп материал енгізу, оны белгіленген сағаттарда меңгеру мүмкін емес.	Мазмұн көлемі мен курс сағаттарының реалистік қатынасын қамтамасыз ету.
Байланыстың болмауы	Тақырыптардың мазмұны логикалық емес немесе ОН - леріне сәйкес келмейді.	Әрбір негізгі тақырып пен оны жүзеге асыратын ОН арасындағы түзу байланыс орнату.

3. Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудегі қателіктер

Қате	Мәні және мәселесі	Қалай түзетуге болады
Әдістердің шаблондық сипаттамасы	Тек дәстүрлі әдістер («дәрі, семинар») көрсетіледі, авторлық немесе интерактивті технологиялар жоқ.	Инновациялық/авторлық әдістемелерді, геймификация, жобалық оқыту, дискуссиялық әдістерді нақты сипаттап, таңдау себебін көрсету.
Ескірген әдебиет	Тек ескі басылымдар көрсетіледі, жаңа зерттеулер,	тізімнің заманға сай болуын қамтамасыз ету, жаңа мақалалар,

	стандарттар немесе цифрлық ресурстар ескерілмейді.	басылымдар және цифрлық ресурстар қосу.
--	--	---

4. Бақылау жүйесіндегі қателіктер

Қате	Мәні және мәселесі	Қалай түзетуге болады
Критерийлердің болмауы	Бақылау формасы көрсетілген (тест, емтихан), бірақ бағалау үшін нақты критерийлер (шкалалар, баллдар) жоқ.	Әр бақылау түрі үшін өлшенетін критерийлер мен шкалаларды қосу, ОН-іне жетуді қалай бағалайтынын көрсету.
Бақылау ОН-ге сәйкес емес	Бақылау тапсырмалары (тест/сұрақтар) екінші реттік білімді тексереді, негізгі ОН емес.	Барлық соңғы және аралық бақылау тапсырмалары түзілген ОН тікелей тексеруге бағытталуы тиіс.

«Қарақия кәсіптік колледжі» МКҚК

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қарақия кәсіптік колледжі»

МКҚК директоры

_____ А. Сәбиева

«__» «_____» 2025ж.

«БЕКІТЕМІН»

Маңғыстау облысы білім

басқармасының «Білім берудің оқу-

әдістемелік орталығы» КММ

_____ А.Ж.Ә.

«__» «_____» 2025ж.

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

Қазақ әдебиеті пәнінде Lesson Study арқылы көркем

шығарманы оқуға үйрету

(педагогикалық мамандықтар студенттері үшін)

Қарақия 2025

Әзірлегендер:

«Қарақия кәсіптік колледжі»
МКҚК –ның арнайы пәндер
оқытушысы, педагог-шебері

_____ Г.Б. Тугерова
қолы

Рецензенттер:

Джумагазиева Ш.К. – к.т.н., профессор кафедры «Машиностроение»
НАО «Каспийский государственный университет имени Ш. Есенова»

Келазев А.В. – начальник ТЭЦ-2 ТОО «МАЭК-Казатомпром»

Джумагазиева Ш.К. – «Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік
университеті» КЕАҚ «Машина жасау» кафедрасының профессоры, т. ғ. к.

Келазев А.В. – «МАЭК-Казатомөнеркәсіп» ЖШС-нің ЖЭО-2 бастығы

«Келісілді»

«Қарақия кәсіптік колледжі» МКҚК әдістемелік кеңесі

«_____» _____ 2025 ж. № _____ хаттама

Әдістемелік кеңестің төрағасы _____ Г.Б. Тугерова
қолы

«Ұсынылады»

Маңғыстау облысы білім басқармасының «Білім берудің оқу-әдістемелік
орталығы» КММ Сараптамалық кеңесі

«_____» _____ 2025 ж. № _____ хаттама

Төраға: _____ А.Ж.Ә.
қолы

Авторлық бағдарламаның құрылымы**Мазмұны**

1	Тұжырымдамалық блок.....	4
1.1	Түсіндірме жазба	4
2	Оқу-әдістемелік блок	8
2.1	Оқу-тақырыптық жоспар	8
2.2	Бағдарламаның мазмұны.....	12
2.3	Оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету	20
3	Бақылау-әдістемелік блок	38
3.1	Білім алушылардың жоспарланған құзыреттері	38
3.2	Бағалау критерийлері	40
4	Анықтамалық блок.....	42
4.1	Әдебиеттер тізімі.....	42
4.2	Қосымшалар	48

Түсіндірме жазба (Үлгі)

Бағдарламаның жалпы сипаттамасы. «Абайдың «Толық адам» ілімі – білім алушылардың soft skills дағдыларын дамыту құралы» атты авторлық бағдарлама білім берудің барлық деңгейлеріне арналған мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар талаптарына сәйкес әзірленген. Бағдарлама 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (2020 жылғы 6 мамырдағы өзгерістер мен толықтыруларымен) ережелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 26 мамырдағы №123 «Білім беру ұйымдарына арналған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы» бұйрығына негізделеді. Бағдарламаны факультативтік курс ретінде, үйірме жұмысында, сондай-ақ кураторлардың тәрбие жұмысында қолдануға болады. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық мамандықтарында оқитын студенттерге арналған.

Бағдарламаның өзектілігі. Технологияның қарыштап дамыған заманында жасөспірімдердің адамдармен қарым-қатынас жасаудан гөрі, виртуалды байланысқа көп жүгінетіні шындық. Бұл адам бойындағы коммуникативтілік қабілеттерін, жұрт алдында сөйлеу мәдениетін, өзін-өзі дамыту қабілетін төмендетеді. Осыдан өмірлік құндылықтарды дұрыс таңдай білу, ішкі үйлесімділік пен жауапкершілік төмендейді. Ал жаңа дәуір адамынан тек кәсіби білім мен дағды ғана емес, сонымен қатар коммуникативтілік, рухани байлық, өзін-өзі дамыту қабілеті, өмірлік құндылықтарды дұрыс таңдай білу талап етіледі.

Осыған байланысты Абайдың рухани-адамгершілік мұрасына жүгінудің маңызы арта түсуде. Оның «Толық адам» туралы ілімі (әділет, рақым, еңбек, ғылым, ізгілік) ХХІ ғасыр талаптарына сай келетін тұлғалық бағдарлар жүйесін ұсынады. Бағдарлама Абай идеялары мен коучинг әдістерінің синтезіне негізделген, бұл үйлесімді, жауапты және рухани бай тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның жанашылдығы.

- Ұлттық идея мен заманауи тәсілдердің синтезі — бағдарлама Абайдың рухани құндылықтарын қазіргі life-coaching тәжірибелерімен біріктіреді;
- Абай идеяларын тұлғалық даму тұрғысынан қайта пайымдау — «сабыр», «қанағат», «ықылас», «әділет» ұғымдары эмоционалдық өзін-өзі реттеу мен өзін-өзі танудың құралдары ретінде қарастырылады;
- Коучингті ұлттық контексте қолдану — жеке және топтық коучинг тәжірибелері қазақ мәдениетіне бейімделген және Абайдың моральдық-философиялық қағидаттарына негізделеді.

Авторлық бағдарлама келесі негізгі **ғылыми-педагогикалық тәсілдемелерге** сүйенеді:

1. Гуманистік тәсілдеме: тұлғаның ішкі әлеуетін ашу, өзін-өзі дамыту, адами құндылықтарды нығайту қағидаттарына негізделеді. Абайдың әділет, рақым, ғылым туралы ойлары гуманистік идеялармен үндеседі;

2. Аксиологиялық (құндылықтық) тәсілдеме: Абайдың «Толық адам» ілімі рухани-адамгершілік бағдарлардың жүйесі ретінде қарастырылады. Тұлғаның еңбекқорлық, мейірім, жауапкершілік, парасаттылық сияқты құндылықтары soft skills дамуының негізін құрайды.

3. Тұлғалық-бағдарлы тәсілдеме: білім алушының жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін және даму қажеттіліктерін ескеруді көздейді. Рефлексия мен өзін-өзі тануды дамытуға бағытталған;

4. Коучингтік және life-coaching тәсілдері: өзін-өзі реттеу, мақсат қою, мотивация, эмоционалдық интеллект дағдыларын қалыптастыратын тиімді құралдар ретінде қолданылады. Абай ілімі коучинг қағидаларымен үйлесіп, тұлғалық дамуды тереңдетеді;

5. Құзыреттілік тәсілдеме: бағдарлама ХХІ ғасырдың әмбебап дағдыларын: қарым-қатынас, сыни ойлау, көшбасшылық, стреске төзімділік, жауапкершілік сияқты нәтижелерді қалыптастыруға бағытталған;

6. Конструктивистік тәсілдеме: тәжірибеге негізделген белсенді оқытуды, топтық жұмыс, пікірталас, тренингтер арқылы дағдыларды тәжірибеде қалыптастыруды қолдайды;

7. Ұлттық-мәдени (этнопедагогикалық) тәсілдеме: Абайдың рухани мұрасына сүйене отырып, ұлттық құндылықтар мен жаһандық soft skills талаптарын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Практикалық маңызы. Бағдарлама қолданбалы сипатқа ие және студенттердің заманауи қоғамда табысты бейімделуіне қажетті тұлғалық және кәсіби қасиеттер кешенін қалыптастыруға бағытталған. Ол тұлғаның құндылыққа бағдарланған дамуын қамтамасыз етеді, эмоционалдық сауаттылық пен өзін-өзі реттеуді дамытады, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды, сыни ойлау мен рефлексияны қалыптастырады, сондай-ақ өмірлік дағдыларды нақты жағдайларға бейімдейді.

Бағдарламаның мақсаты. Абайдың «Толық адам» ілімін зерделеу және коучинг әдістерін жеке даму мен өзін-өзі танытудың құралы ретінде қолдану арқылы білім алушылардың soft skills дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Абайдың «Толық адам» ілімінің негізгі қағидаларымен таныстыру және оларды заманауи адамның рухани-адамгершілік бағдарлары ретінде ұсыну;

2. Өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіру қабілеттерін дамыту, өзіне және қоршаған ортаға саналы көзқарас қалыптастыру;

3. Эмоционалдық интеллекті, қарым-қатынас мәдениетін және көшбасшылық қасиеттерді тиімді өзара әрекеттесудің негізі ретінде қалыптастыру;

4. Өмірлік және кәсіби құзыреттерді дамыту мақсатында life-coaching құралдарын (мақсат қою, жоспарлау, мотивация, рефлексия) меңгеру;

5. Стресске төзімділік, шешім қабылдау, уақытты басқару және жеке жауапкершілік дағдыларын дамыту;

6. Абай идеялары мен мәтіндерін заманауи коучинг тәжірибелерімен байланыстыра отырып, білім алушылардың тұлғалық және рухани дамуын қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер. Курс аяқталғаннан кейін білім алушылар:

1. Жеке және кәсіби мақсаттар қоя алады, оларды іске асыру жолдарын жоспарлайды және нәтижелерді талдайды;

2. Өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, тиімді қарым-қатынас және эмоцияларды басқару дағдыларын меңгерген;

3. Көшбасшылық қасиеттерді, жауапкершілікті және қоғаммен жасампаз өзара әрекеттесуге ұмтылысты танытады;

4. Абайдың рухани мұрасының тұлғалық өсу ресурсы ретіндегі құндылығын түсіне отырып, life-coaching әдістерін күнделікті өмірде қолдана алады.

Оқу жүктемесі 1 кредитті құрайды (24 академиялық сағат, аптасына 2 сағат) және 1 семестрді қамтиды.

Бағдарламаның мазмұны тақырыптық бөлімдерге біріктірілген, олардың әрқайсысы белгілі бір міндетті жүзеге асырады. Бағдарлама түсінік хат, тақырыптық жоспар, нормативтік бөлім, бағдарлама мазмұны, әдістер, технологиялар мен түрлері, нәтижені бағалау, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер және қосымша ретінде ұсынылған ақпараттық-нұсқаулық бөлімнен(сабақ жоспарлары) тұрады.

«Абайдың «Толық адам» ілімі – білім алушылардың soft skills дағдыларын дамыту құралы» бағдарламасы оқу процесіне, үйірме және факультатив жұмыстарына енгізуге арналған, сондай-ақ коучингтік сессиялар мен интерактивті сабақтарды ұйымдастыруда оқытушылар мен кураторлар пайдалана алады. Бағдарлама аясында пікірталастар, рөлдік ойындар, практикалық кейстер мен тренингтік жаттығулар жүзеге асырылады, бұл студенттерге курс материалдарын тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

Әдістеме икемді: ол аудиториялық сабақтарда, жобалық іс-әрекетте, тәжірибелік оқу барысында және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануға болады, бұл курсты оқытушылар мен студенттер үшін қолайлы етеді. Бағдарлама тақырыптық жоспармен, сабақ жоспарларымен қамтылған, бұл оны жұмыс түрлерінің әртүрлі формаларында пайдалануды жеңілдетеді.

Бағдарлама құруда Абайдың қарасөздері, М.Мырзахметұлының «Абайдың толық адам ілімі» еңбегі, М.Әліпханның «Адамгершілік ілімі және Хакім Абай», Қ.Ш.Молдасанның «Педагогикалық коучинг: оқу құралы», А.Г. Рылованың «Soft skills – ХХІ ғасыр дағдылары: жұмыс берушілер нені қалайды?» секілді ғылыми еңбектер негізге алынды.

Бағдарламадан алған білім мен білік нәтижелерін тексеру үшін қолданылатын бағалау нысандары ретінде жобалық жұмыстар, сауалнамалар, бағалау критерийлері, біліктілік тапсырмасы ұсынылады.

Апробация кезеңі. Бағдарламаны апробациялау 2024-2025 оқу жылының 01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша 2 курс студенттері арасында әзірленген апробация жоспарына сәйкес жүргізілді. Апробациядан өтуші топ ретінде «Бастауыш білім беру» мамандығының БМ-24-1 тобы белгіленді. Осы зерттеу негізінде:

- проблеманы анықтай отырып, шығар жол ұсынатын студент саны 5-тен 10-ға;
- тайм-менеджмент қағидаларын өмірмен байланыстыратын студент саны 2-ден 23-ке;
- SMART мақсат құрастыратындар 0-ден 10-ға;
- өзін-өзі дамыту жоспарын құратындар 2-ден 13-ке;
- өзінен есеп алуға әрекет ететіндер саны 2-ден 19-ға өсті. Бұл нәтижелер бағдарламаның қажеттігін дәлелдейді.

4-қосымша

Оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырып	Сағат көлемі	Сабак түрі
I модуль. – 6 сағат			
1		2	дәріс
2		2	практ
3		2	СОӨЖ
II модуль. – 6 сағат			
3		2	дәріс
4		2	практ
5		2	СОӨЖ
III модуль. 6 сағат			
6		2	дәріс
7		2	практ
8		2	СОӨЖ
V модуль. – 4 сағат			
9		2	практ
10		2	практ
VI модуль. Қорытынды және нәтижелер – 2 сағат			
11		2	

Апробация қорытындылары бойынша анықтама үлгісі

Апробация қорытындылары бойынша анықтама (әдістемелік өнімнің атауы) _____ оқытушы	
1. Апробация базасы (білім беру ұйымының білім беру процесінде және т.б.) _____	
2. Апробация кезеңі _____	
3. Апробация жүргізу мақсаты (білім беру процесіне енгізудің тиімділігін бағалау және т.б.) _____	
4. Апробацияға қатысушылар:	
1. _____ 2. _____	
5. Апробация _____ дамыту жоспарына сәйкес _____ мерзімде _____ курстарда келесі мамандықтар бойынша өткізілді:	
6. Бұл _____ қолдана отырып нәтижелерді диагностикалау және бағалау құралдары келесі элементтерден тұрды:	
• _____ • _____ • _____	
7. Авторлық бағдарлама бойынша нәтижелер бағасы (бақылау деректері, диаграммалар және т.б.):	
_____ _____ _____ _____	
8. Комиссия қорытындысы:	
_____ _____ _____	
Комиссия мүшелері:	
1. _____ 2. _____ 3. ...	
Мекеме басшысы:	_____
ҚОЛЫ	ҚОЛДЫҢ ЖАЗБАСЫ
Мекеменің мөрі «__» _____ 202__ ж.	

**Авторлық бағдарламаны бағалау
(өзін-өзі бағалау) картасы**

(ТжКББ ұйымдарының ішкі пайдалануына арналған)

Автордың тегі, аты-жөні: _____

Пәні: _____

Компонент және критерий	Сипаттамасы және сапа көрсеткіштері	Балл (0–2)	Бағаны негіздеу (ескертулер)
1 блок. Тұжырымдамалық негіздер және өзектілігі			
1. Бағдарламаның өзектілігі мен маңыздылығы	Бағдарлама білім беру саласы мен еңбек нарығының өзекті қажеттіліктеріне жауап ретінде негізделген. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне талдау жасалған немесе қолданыстағы бағдарламалардың кемшіліктері анықталған.		
2. Бағдарламаның қажеттілігін негіздеу	Бағдарламаның мақсатты аудитория үшін нәтижелі қажет екені нақты түсіндірілген, ол шешетін мәселе көрсетілген.		
3. Бағдарламаның білім беру үдерісіндегі орны	Бағдарламаның міндетті пән, элективті курс, факультатив және т.б. екені нақты көрсетілген.		
4. Бағдарламаның мақсатты аудиториясы	Бағдарламаның мақсатты аудиториясы көрсетілген (мысалы, белгілі бір мамандықтың, кәсіптің немесе даярлық деңгейінің студенттері).		
5. Нормативтік және құқықтық негіздер	Бағдарлама әзірленген негіз болып табылатын құжаттар көрсетілген (ҚР МЖМБС, кәсіби стандарттар және т.б.).		
6. Ғылыми және әдіснамалық негіздемесі	Бағдарлама өзекті ғылыми деректер мен зерттеу нәтижелеріне сүйенеді. Бағдарламаның негізінде жатқан теориялық-әдіснамалық тәсілдердің (жүйелік, құзыреттілік және т.б.) болуы және қорытындылардың дәлелділігі көрсетілген.		
2 блок. Педагогикалық дизайн			

7. Мақсат қою (мақсаттары мен міндеттері)	Бағдарламаның мақсаты нақты, дәл, өлшенетін түрде қалыптастырылған және SMART принциптеріне сәйкес келеді. Міндеттер мақсатын нақтылайды және оның орындалу кезеңдерін көрсетеді.		
8. Жаңашылдық және инновациялық сипат	Түсіндірме жазбада авторлық идея мен жаңашылдық (бірегей мазмұн немесе әдістер, технологиялар немесе тәсілдер) нақты көрсетілген, сондай-ақ оның қолданыстағы баламалардан ерекшеліктері айқындалған.		
9. Бағдарламаның практикалық маңыздылығы	Бағдарламаның практикалық маңыздылығы негізделген (студенттер, педагогтер немесе жұмыс берушілер үшін және т.б.). Апробация мәліметтері келтірілген.		
10. Бағдарламаның мазмұны: логикасы мен толықтығы, практикалық бағыттылығы, контенттің сапасы және қолжетімділігі	Мазмұн қатаң реттілікпен ұсынылған, тақырыптар толық қамтылған және қайталанулар жоқ. Мазмұн кәсіби міндеттерге бағытталған; кейстер, практикалық тапсырмалар, жаттығулар мен симуляциялар бар және нақты кәсіби мәселелерді шешуге арналған. Тақырыптардың тереңдігі студенттердің дайындық деңгейіне сәйкес келеді. Тілі кәсіби, бірақ түсінікті; терминология дұрыс қолданылған.		
3 блок. Әдістемелік құралдар және жүзеге асырылуы			
11. Әдістемелік және бағалау құралдары	Қолданылатын технологиялар, әдістер және оқыту формалары көрсетілген. Бағалау критерийлері мен бақылау формалары (тесттер, жобаларды қорғау, демонстрациялық емтихан және т.б.) нақты әрі сәйкес сипатталған.		
12. Күтілетін нәтижелер	Күтілетін нәтижелер нақты сипатталған және қойылған		

	мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді.		
4 блок. Техникалық блок (безендіру және құрылым)			
13. Құрылымдық тұтастық. Техникалық безендіру.	<i>Толықтық:</i> Барлық элементтердің болуы (тақырып беті, түсіндірме жазба, тақырыптық жоспар, мазмұн, әдебиеттер тізімі, қосымшалар және т.б.). <i>Безендіру стандарттары:</i> Біртекті қаріп, интервалдар, тақырыптар, тақырыпшалардың деңгейлері, дұрыс нөмірлеу, тізімдер, кестелер, сілтемелер мен библиографияның стандартқа сай ресімделуі. <i>Визуализация:</i> Қажет болған жағдайда схемалар, кестелер, қосымшалар, мысалдар қолданылған (құжат артық жүктелмей). <i>Сауаттылық деңгей:</i> Орфографиялық, тыныс белгілері және стилистикалық қателер жоқ.		
Барлығы			

Жалпы қорытынды:

Эксперт: _____ / _____

(Аты-жөні, лауазымы, қолы)

Күні: «_» _____ 202_ ж.

Балл есептеу әдістемесі:

2 балл (жоғары деңгей): Критерий сипаттамаға толық сәйкес келеді, мазмұны терең және дәлелді, безендіруі үлгілік түрде.

1 балл (орта деңгей): Критерий көрсетілген, бірақ оны жетілдіру, нақтылау қажет немесе шағын техникалық қателері бар.

0 балл (төменгі деңгей): Критерий көрсетілмеген немесе мазмұны қазіргі ТЖКББ талаптарына сәйкес келмейді.

Балдардың қосындысы	Сапа деңгейі	Шешім
---------------------	--------------	-------

22–26	Жоғары	Бекітуге және енгізуге ұсынылады
16 – 21	Орташа	Ескертулерді ескеріп жетілдірілгеннен кейін енгізуге ұсынылады
0 – 15	Төмен	Маңызды қайта өңдеуге жіберіледі.